# ЖЕҢІСПЕН ОРАЛДЫ



Наурыз айының басында Шымкент қаласында пауэрлифтингтен Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті. Еліміздің басты жарысына ақадырлық жерлестеріміз де қатысып, жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Апта бойы өткен сайыста спортшылар қанжығасына 5 алтын, 3 күміс, 3 қола медальдарды еншілеп қайтты.

Жасөспірімдер арасында жатып сығымдауда 48 кг салмақта Жылқыбай Ғафур екінші орынды жеңіп алса, Маскен Ернар үшінші орынды місе тұтты. Ал ересектер арасында 66 кг салмақта Қараман Абдулкарим бірінші орыннан көрінсе, ардагерлер арасында 83 кг салмақта Оспанов Дәрібай жеңімпаз атанды.

Экипировкамен сығымдауда Жылқыбай Ғафур бірінші, Маскен Ернар екінші орын алды. Жастар арасында 59 кг салмақта Хуаныш Бақдәулет, 66 кг салмақта Зейнедилов Азат, ересектер арасында 66 кг салмақта Абишев Жандос үшінші жүлделі болып, спорт шеберлігіне үміткерлер дәрежесін қорғады. Дәл осы салмақта Қараман Абдулкарим бірінші орын, 74 кг салмақта Сатыбалды Жанат екінші орын, ардагерлер арасында 83 кг салмақта Оспанов Дәрібай және 93 кг салмақта Байдәулетов Нұркен чемпиондық тұғырға көтерілді.

Жарыстың қорытындысы бойынша Оспанов Дәрібай мен Қараман Абдулкарим әлем біріншілігіне жолдама алса, Сатыбалды Жанат пен Байдәулетов Нұркен Азия чемпионатында ел намысын қорғайтын болды.

Жарысқа қатысып келген темірзілшілер Қарағанды облыстық спорт мектебіне (ОКСДЮШС) және олимпиадалық емес жоғары спорт шеберлігі мектебіне (ШВСМ), Босаға ауылының әкімі Рахметов Қазбек Құрманбайұлына жарысқа барып қайтуға демеушілік көмек көрсеткендеріне дән ризалығын білдіруде.

**Өз тілшімізден,**
**Ақадыр кенті.**